www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№19 (903)

20 мамыр 2022 жыл

ТҮЙТКІЛ

600 000 ТЕҢГЕ БЕРСЕҢ, АВТОНЕСИЕ ӘПЕРЕДІ-МЫС

4 пайызбен жеңілдетілген автонесие аламын деп асыққан жұрттың аптығы басылды. Қазір көлік салондарында өткендегідей ұзын-сонар кезек жоқ. Өйткені бағдарлама ашылған сәтте дилерлік орталықтарды бетке алған халықтың меселі қайтып қалған. Қай салонға барсаңыз да, дайын тұрған көлік жоқ. Сондықтан менеджерлер келушілерді тек тізімдеп, «өзіміз хабарласамыз» деген жаттанды жауаппен жылы шығарып салуда.

Қазақстан автобизнес қауымдастығының мәліметінше, 16 мамырдан бері еліміздегі көлік салондарына 14 мың азамат көлік іздеп барыпты. Соның тек 3400-і өтініш қалдырып, оларға 26,4 млрд теңгеге несие беру туралы шешім қабылданған. Демек әу баста автонесиелеуге бөлінген 100 млрд теңгенің төрттен бір бөлігі алғашқы үш күнде игерілді. Дәл осылай жалғаса берсе, енді екі аптадан кейін бөлінген қаржының түбі де көрініп қалады.

Ал отандық көлік құрастырушылар 4 пайызбен берілетін автонесиеге дайын емес болып шықты. Ақша да, сұраныс та бар. Бірақ алатын көлік жоқ. Қашан болатынын да ешкім білмейді. Ал индустиалды даму комитеті әдеттегідей елімізде көлік тапшылығы жоқ деген жалған ақпарат таратудан әрі аспай отыр. Индустрия министрлігіне қарайтын комитет өкілдері биыл төрт айда 27 912 көлік шығарылғанын жариялады. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21,7 пайызға көп екен. Жыл соңына дейін отандық автоөндірушілер 109 мың көлік шығаруды жоспарлап отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Жалпы менің ағайындарымнан гөрі, бейтаныс, мүлде жат адамдардан көрген жақсылығым, қайырымым өте көп». Редакциямызға газет алуға келген бауыржантанушы Мамытбек аға Қалдыбайдың осы сөзі бізге біраз ой салды. Бүгінгі қоғамда адамдар арасындағы алауыздық пен араздық, бақталастық пен жанталастық қайырымдылық деген қасиетті маңына жуытпай, жолатқан күннің өзінде жарияға жар салдыруға әуестігі жеңіп кетіп жатады. Батыр Бауыржан Момышұлының жанында табан аудармай, тайғанақтамай, батырдың ерлігін де, өрлігін де, іниге деген еркелігін де ерен еңбегімен көтерген, бел кетіретін бес батпан жүкті бекемдігінің арқасында аунатып алмай, арқалай білген Мамытбек ағадан сұхбат алып, дидарласуға уағдаластық.

Межелі мерзімде салып ұрып, мекенжайына жетіп бардым. Жыланның жонындай ғана тар көше ағаның шаңырағына келіп тіреледі екен. Ертеректе сатып алған үйінің төрінде отырып, екі сағатқа жуық әңгімелестік. Үстелдің қарсы бетінде орындыққа қонған ағам екі сағатта тікесінен тік отырды, сексеннің үшінен асқан жасы бар ғой. Ал мен өзіме бұйырған диванның үстінде біресе оң жамбасыма, енді бірде сол қолдың шынтағына салмағымды арта ауып кетемін, бел шыдатпай барады. Тағдырдың теперіші таңдайына бала шағынан татыған тәубешіл жандар қашанда қайратты болады өзі. Мамытбек аға: «Ал бала, сұхбаттың тақырыбын «Адамдардан көрген жақсылығым көп» деп қойсақ қайтеді», – деді ақылдасқан ойын айтып. Әрмен қарай әңгімені бастап кеттік.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ:

«АДАМДАРДАН КӨРГЕН ЖАҚСЫЛЫҒЫМ КӨП»

Jas qazaq: Аға, сіз отыз жасыңызда Алматыға көшіп келіпсіз. Жаңа бір сөзіңізде жазу өнеріне отыз жасыңыздан кейін түбегейлі бет бұрғаныңызды айттыңыз.

Мамытбек Қалдыбай: Ауылдан Алматыға отыз жасымда көшіп келуіме себепкер болған – сегізінші сыныпта бірге оқыған жолдасым Мүсілім Дайырбеков. Бүгінде елге белгілі азамат. Бұл жайында кейінірек айналып соғармын. Институтты бітіріп, ауылға мектепке мұғалім болып орналасқам, шәкірт тәрбиелеймін. Жарым үй шаруасында, басымызда жеке баспанамыз жоқ, ескі балабақшаның бір бөлмесінде тұрамыз, төбесі шұрық-тесік. Күздің қара суығында түнде қылаулап қар жауғанда көрпеміздің үсті әппақ болып жатады. Ауылда трактор айдайтын, өзі ащы суға әуес, атын ұмытып қалдым, Анарқұлов деген жігіт болды. Бір күні көшеде екеуміз жолығып сөйлестік. «Сен неге үй сатып алмайсың, мен үйімді сатамын» деді. Бағасын сұрап едім, 800 сомға беретінін айтты. Ал менің мектепте мұғалім болып алатын еңбекақым – 90 сом. Оны естігенде «сен қысылма, бөліп-бөліп берсең де болады, үйді босатып кетемін» деп оңтайлы ұсыныс айтты. Не істеу керек?

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАРЖЫ ЕСЕБІ

КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС: ҚАНША АҚША ЖҰМСАЛДЫ?

Дереккөзі: Денсаулық сақтау министрлігі

МЕРЕЙ

3 АЛТЫН, 7 КҮМІС, 18 ҚОЛА

Қазақстандық спортшылар Бразилияда өткен XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарында 3 алтын, 7 күміс, 18 қола медаль олжалап, командалық есепте 13-орынға тұрақтады.

Бразилияның Кашиас-де-Сул қаласында өткен төртжылдық додаға әлемнің 73 елінен 2500 спортшы қатысты.



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	109,95
DOLLAR	436
EURO	457
РУБЛЬ	6,5

БИЛІК

«Мемлекет басшысы жолдардың нашар жағдайын бірнеше рет айтты. Әрбір әкім өңірдегі жолдардың жай-күйіне тікелей жауапты екенін атап өткім келеді». Үкіметтің кезекті отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов осылай деп атап көрсетті.

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҒЫНАН 93-ШІ ОРЫНДАМЫЗ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің деректеріне сәйкес, еліміздің автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 96 мың шақырымды құрайды. Оның 25 мың шақырымы – республикалық маңызы бар, 71 мың шақырымы – облыстық және аудандық маңызы бар жолдар. Нормативтік талаптарға сәйкес, 2025 жылға дейін республикалық маңызы бар жолдардың үлесін 100 пайызға, жергілікті жолдардың осындай үлесін 95 пайызға дейін жеткізу көзделген.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы бойынша, биыл республикалық маңызы бар жолдардың 91 пайызын, жергілікті жолдардың 85 пайызын нормативтік жағдайға келтіру жоспарланған. Ол үшін жалпы ұзындығы 4,3 мың шақырым автожолды қайта жаңғырту және жаңа жолдар салу бойынша ірі жобалар іске асады. Сонымен қатар жол бойындағы 1 110 қызмет көрсету нысаны тиісті стандарттарға сәйкестендіріледі.

Биылғы жылы республикалық маңызы бар жолдарды жөндеуге және күтіп ұстауға 85 млрд теңге қарастырылған. Жалпы 3 мың шақырым жолды жөндеу жоспарланған. 650 шақырым жол күрделі жөндеуден өтті, оның 47 шақырымы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. 2 мың 323 шақырым жол орташа жөндеуден өтті, жыл соңына дейін 632 шақырымы пайдалануға берілмек.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев: «Өңірлердің орталықпен ішкі көліктік байланысын қамтамасыз ету» екінші міндеті аясында біз жергілікті автожолдар желісін дамытуды жалғастырудамыз. 2022 жылы жергілікті жолдарды қаржыландыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 367 миллиард теңге бөлінді. Бөлінген қаражат есебінен облыстардың жергілікті желі жолдарының 4 мың 200 шақырымнан астамы құрылыс-монтаждау жұмыстарының барлық түрлерімен қамтылды», — деді.

Реконструкцияланған жолдарды нормативтік жағдайда күтіп-ұстау шығындарын толық көлемде өтеуге және республикалық бюджетке жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін ақылы төлем жүйесі енгізілуде. Ақылы жол жүру реконструкциялау немесе жол-жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін енгізіледі. Бұл жол жүрудің қауіпсіздігі мен қолайлы жағдайын қамтамасыз етеді.

Жолдарға жұмсалған шығынды одан әрі өзін-өзі ақтау мақсатында ұзындығы 2 мың 500 шақырым екінші санаттағы автожолдар учаскелерінде қоғамдық пікірді ескере отырып, олар нормативтік жағдайға келтірілгеннен кейін ақылы төлем жүйесін енгізу қарастырылып жатыр (*жүк көліктер үшін*). Бүгінгі таңда жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына сәйкес, 2025 жылдың соңына дейін ұзындығы 4 мың шақырым бірінші және екінші санаттағы автожолдар учаскелерін реконструкциялау аяқталғанда қосымша ақылы жолдарды енгізу көзделген.

Биыл жыл басынан бері жұмыс пен материалдардың сапасын сараптаумен республикалық желі бойынша барлық автожол жобалары және жергілікті желі 52 пайызға қамтылған. Жол-құрылыс материалдарының 3 мың 299 үлгісі таңдалып, сынақтан өтті, 503 сынама нормаларға сәйкес келмейді.

Жалпы жыл басынан бері мердігерлердің өз қаражаты есебінен 51,2 млн теңге сомасына жұмыстар қайта жүргізілді.

Үкімет басшысы қабылданып жатқан шараларға қарамастан, бірқатар проблемалық мәселелер бар екенін атап өтті. Олардың ең негізгісі – жолдардың, әсіресе, жергілікті жердегі жолдардың сын көтермейтіні. Дүниежүзілік экономикалық форумның деректеріне сәйкес, Қазақстан жол сапасы жағынан әлемде 93-орында.

Жол сапасына, оларды жөндеу және салу мерзіміне білікті кадрлардың тапшылығы, жаңа құрылыс материалдары мен заманауи технологиялардың аз қолданылуы әсер етеді. Сондықтан жауапты мекемеге осы мәселелерді пысықтау тапсырылды.

Осы орайда индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әкімдіктермен және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, жоспарланған жобаларды уақытында пайдалануға беруді және бөлінген қаражатты толық игеруді қамтамасыз етуі қажет.

Құрылыс жұмыстарын үзіліссіз жүргізу үшін энергетика министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ға құрылыс компанияларына қажетті мөлшерде битум және инертті материалдарды жеткізу үшін теміржол вагондарымен қамтамасыз ету тапсырылды.

Әкімдіктер «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, қызмет көрсету нысандарын салу үшін автомобиль жолдары бойында жер бере отырып, осы бағытты дамыту жұмыстарын жандандыруы тиіс.

Талап ТІЛЕГЕН

Сөз-Жебе

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Сенат депутаты:

«Қазіргі уақытта біздің мемлекеттік органдарымыз өрт сөндіру әдісімен жұмыс істейді. Олардың іс-қимылы алдын алу сипатындағы шараларды қолдануға емес, аяқасты туындаған жағдайға жауап қайтаруға бағытталған. Ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттауға тыйым салу және экспорттық квоталарды енгізу

оңай. Бірақ ондай шектеулер фермерлерді банкроттыққа, ал отандық агроөнеркәсіп кешенінің дамуын тежелуіне әкеп соғады. Ең сорақысы, бізде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде жүйелілік жоқ.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер субсидия ала отырып, ішкі азық-түлік нарығының жай-күйіне, азық-түлік бағасының қымбаттауына қатысты ешқандай жауапкершілік алмайды. Көптеген бағыттар бойынша субсидиялау жүйесі бюджет қаражатын жай ғана тарату рәсіміне айналды. Өсірілген өнімді ішкі азық-түлік нарығына форвардтық келісімшарттар бойынша және белгіленген бағаларға сәйкес жеткізуді субсидия алудың міндетті шарты ретінде енгізу қажет».

Аптаның ескертуі

Ажар ҒИНИЯТ,
денсаулық сақтау министрі:

«12 өңірде коронавирус инфекциясының «Омикрон» түрінің бірі анықталды. «Стелс-Омикрон» деп аталатын коронавирус инфекциясының бұл түрі «Дельта» вирусына қарағанда жеңіл өтеді. Бірақ жылдам таралуымен қауіпті. Оның бүкіл елімізде тарала бастағанын көріп отырмыз».

Баспана-2022

СҰРАНЫС АЗАЙДЫ
(2022 жыл, сәуір)

БАРЛЫҒЫ	52520
ЕҢ КӨП САТЫЛҒАН	
Қарағанды	8898
Алматы	6583
Нұр-Сұлтан	5900
ЕҢ АЗ САТЫЛҒАН	
Солтүстік Қазақстан облысы	958

Наурыз айымен салыстырғанда 22,2%-ға төмен

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

Әлеумет.t⁰

(Басы 1-бетте)

600 000 ТЕҢГЕ БЕРСЕҢ, АВТОНЕСИЕ ӘПЕРЕДІ-МЫС

Мәселен, индустриалды даму комитеті таратқан ақпаратқа сенсек, «СарыарқаАвтоПром» компаниясы шығаратын КИА, Жак, Шевроле, Лада көліктерінің салондарда 4 мың бірлігі, зауытта 3,5 мыңы дайын тұр. Алдағы маусым айында тағы 7 мың көлік шығару жоспарланған. Ал Hyundai Trans Kazakhstan мамыр айында 2,3 мың, маусым айында 2,5 мың көлік құрастырады.

Екі айдан бері көлік салондарын шарлап шыққан адам ретінде бұл мәліметтің бәрін жоққа шығара аламын. «СарыарқаАвтоПром» шығаратын КИА Серато, КИА К5, РИО деген көліктер салонда атауымен жоқ. Тек KIA SOUL деген оймақтай көлік сатылуда. Халық ыстық бәлішке таласқандай жапатармағай соған жармасып жатыр. Өзіне ыңғайлы ма, жанұясына жайлы ма деген сұраққа бас қатырып жатқан ешкімді көрмедім. Не де болса, 4 пайызбен алып қалайық деген бақай есеппен есі кетіп жүр көбінің. Ең қызығы, сол SOUL-ға VIN код беріліп жатқан жоқ. Менеджерлер алдына келгеннің бәріне бір жапырақ қағаз ұстатып, банкке бағыт сілтеуде. Шевроле салонын да көріп қайттым. Мұнда COBALT деген көлікке сұраныс көп екен. Бағдарлама басталғалы осы жерден жүздеген тұрғын жаңа тұлпар тақымдап қайтқан. Бірақ дәл қазір дайын көлік жоқ. Сондықтан алдағы 2-3 аптада тағы 8 мың көлік келеді деп менеджерлер тұрғындарды түгел тізімге алып жатыр. Ал Hyundai компаниясының дилерлік орталықтарында да ығы-жығы адам көп. Бірақ көлік жоқ. Автонесие тұрмақ қолма-қол ақшаға да таппайсың. Келушілердің бәрі тек кезекке тұрып кетеді. Бірақ қысылтаяңды пайдаланып, қалтасын қампайтып алғысы келетіндер де табылады. Мәселен, кезексіз көлік тауып беру мен банктен несие рәсімдеп беретіндердің бағасы белгілі болды. 600 мың теңге берсең, несие тарихыңа қарамай, 4 пайыздық автонесие бағдарламасына іліндіріп береміз дейтіндер бар. Тағы 700 мың теңге қоссаң, керек көлігінді тауып беруге әзір тұрғандар да бар екен. Бірақ бұл қитұрқылықтың қаншалықты рас-өтірігін құзырлы орындар тексеруі тиіс.

Диас НҰРАҚЫН,
медиа-сарапшы

Олимпиада

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРДЕН ҒИБРАТ АЛУ

Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында IV республикалық Абайтану олимпиадасы өтті.

Ұлы ақынның бай мұрасын жас ұрпақ санасына терең әрі жан-жақты сіңіруге бағытталған олимпиаданың мақсаты – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын толық меңгеру арқылы кемеңгердің ақындық болмысына үңілу, Абайдың шығармашылығы мен өнегелі өмірінен ғибрат алып, өмірде қолдану, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сол арқылы Абай өлеңдерінің мән-маңызы мен қадір-қасиетін түсіну, қарасөздерінің тәрбиелік-тағылымдық маңызын ұғыну, Абайша ойлауға ұмтылу, сөйлеу мәдениетін үйренуге, тіл тазалығын сақтауға дағдылану және күнделікті өмірде қолдану.

Олимпиада екі айналымда өтеді: 1-айналымда қатысушы Абайдың қарасөздері мен поэзиясы негізінде дайындалған тақырыптардың біріне эссе жазады. Ал 2-айналымда М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан берілген үзіндінің қай тарау, қандай бөлімнен алынғанын айтып, мазмұнын жалғастырады. Роман мазмұны бойынша сұрақтар қойылып, логикалық деңгейі тексеріледі. Абай шығармашылығы бойынша дайындалған тапсырмаларға жауап береді. Абайтанушылар жайлы таным-деңгейін көрсетеді. М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған сөйлемге кешенді талдау жасау арқылы грамматикалық сауаттылығы анықталады.

Олимпиаданың республикалық кезеңіне облыстық, қалалық деңгейде жеңімпаз болған 130 оқушы қатысты. Жүзден озық жүйріктерді белгілі абайтанушы, әдебиетші-тілші, зерттеушілер анықтайды. Жүлдегерлер бағалы сыйлықпен марапатталады.

Жарқын СӘЛЕНҰЛЫ

Біздің сұхбат

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ:

«АДАМДАРДАН КӨРГЕН ЖАҚСЫЛЫҒЫМ КӨП»

(Басы 1-бетте)

Қолма-қол ақшаға сатып алғанға қалтам тесік, жарым көңіл жүруімізге басымызда баспанамыздың жоқтығы үлкен себеп. Үйін барып көруге келістік. Көрдім, екі ауыз, төбесін қамыспен жапқан ескілеу үй. Маған ұнағаны бұл емес, ауласы. 20 сотықтай жерінде алма, алша, кәрі жаңғақ ағашы бар екен. «Аламын» дедім кесіп айтып. Екеуміз қол алысып, шарт жасасып үйге келдім. Қайдан естіп алғанын қайдам, ағайындығы бар екі шал үйге келіп тұр. «Сен бала бізбен ақылдаспай, бәлен деген ішкіштің үйін бақандай 800 сомға сатып аламын деп айтқан екенсің. Ол үйді біле білсең, өткенде біреулер 500 сомға да алмай қойған, есіңнен адасқаннан саумысың өзі. Ал қане, айтқан сөзіңді жұтып, уәдеңнен айнып, үйді алмайтыныңды айт» деп дігерлеп барады.

«Жоқ, мен айнымаймын, сол үйді аламын» дедім. Екі шалым ары безектеп, бері безектеп бұра алмайтынын, бағытымнан қайтпайтынымды білген соң, қолын сілтеп кетіп қалды. Мен жеті жыл қалада оқыдым, сонда жаны ашып ағайынның біреуі, оның ішінде жаңағы екі ақылшы ақсақалым да бар, келіп «сабағың қалай» деген емес. «Қарның аш, көйлегің көк емес, қарағым, мынаған сатып ал» деп ақша ұсынса, көңілің көк тіремей ме. Бірақ мен олардан, жалпы адам баласынан дүние дәметіп, көңілімді құлазытып көмек сұраған емеспін. Жетім өстім, жетілдім, Алладан жәрдем, Жаратқаннан медет сұрап келемін. «Жалғыздың жары – Құдай» демей ме қазақ.

Jas qazaq: Сіз анаңыздан, әкеңізден неше жасыңызда қалдыңыз?

Мамытбек Қалдыбай: Анамнан 10 жасымда, әкемнен 10-сыныпта оқып жүргенде айырылдым. Ауылымнан 15 шақырымдай шалғай өгей нағашыларымның қолында тұрып оқыдым.

Наурыз айы еді, сабақтан ашығып үйге келгем, өгей нағашы апам есіктен кірген мені көре сала «әкең әл үстінде жатыр екен» деді. Төбемнен жай түскендей буыным босап сала берді. Қарным аш, әлім құрып келгем. Сөмкемді лақтыра салып, сыртқа атып шығып, жаяу жүгіріп келемін. Өкпем қабынып, дем жетпей алқынғанда аяңға көшемін. Демалып, күш жинаған соң қайтадан жүгіремін. Наурыз айы туса да, біздің жақта қар тізеден келеді,

Әкесі Қалдыбай

қалың жауған еді. Алладан медет тілеп «әкемді аман ете гөр» деп жасым сорғалап жылап келемін. Түс қайта шыққан едім, мен үйге жеткенде күн кешкіріп, көз байлана бастады. Әкем расында әл үстінде әрең тыныстап жатыр екен. Қасында өгей анам отыр. Мен таң атқалы нәр сызбағам, бірақ ең алдымен қалайда әкемді ауруханаға апару керек деген мақсат тұрды. Аудан орталығы бізден ары 20 шақырым. Дереу ауылды аралап жүріп, бригадирді тауып, қолқа салып атты шанаға ие болдым. Үйге келіп әкемді аудан орталығына апарайын дегенімде көнбеді. «Балам, онсыз да шаршадың, кеш те батып қалды, тынығып ал, азанда шығайық» деп тоқтатты. Ертеңіне таң сызы біліне өгей шешем оятты. «Әкең үй тамның төбесіндегі шөпті жерге түсірсін» деп айтты деді. Киініп үйдің төбесіндегі баудан жерге бес-алтауын лақтырғаным сол еді, шешеміздің дауыс салып жылағаны естілді. Секіріп түсіп кіріп келсем, әкем иегін қағып қалыпты. Тамыры соқпайды, жүріп кеткен екен. Қатты өкіндім, мүмкін аудан орталығына дәрігерге апарып тексертсек, аман қалар ма еді. Өзі екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан кісі, екінші топтағы мүгедек болып оралды. Соғыста жаудың бірде-бір адамын өлтірмеген. Керісінше, фашистің жаудырған оғы жүрек тұсын тесіп өтіп, құлайды. Қансырап жатқан жерінен майдандастары тауып алып, тамырын ұстаса, соғып тұр. Дереу ауруханаға апарып, дәрігерлер жанын аман алып қалады. Кейін өзі жатқан госпитальдың қоймасына күзетші болады да, соғыс біткенде елге оралады. Әкемнің нағашы атасы Бегасыл елге сыйлы, қадірі артқан, данагөй, әулие кісі болған. Балаларын да адам баласына қиянат жасамауға баулыған. Кейін осы оқиғаны Баукеңе, Бауыржан Момышұлына айтып бергенімде, «Жауға қарсы оқ атпадың деп әкеңді жазғыруға болмайды, оның нағашы атасынан алған тәрбиесі сүйегіне дейін сіңген, ондай адамдарды соғыс та өзгерте алмайды» деген еді.

Jas qazaq: 10-сыныпта оқитын баласыз ғой, әкеңіз өмірден өткенде, қатты қайғырған шығарсыз.

Мамытбек Қалдыбай: Иә, өгей нағашыларымның қолында тұрып оқып жатқам. Әкем оларға ай сайын қойын сойып беріп жібереді, бәрін де көріп-біліп жүремін. Бірақ сонда да олардың маған қабағы ашылып, көңілі соққан емес, кіржиетін де тұратын. Ішім удай ашыды, дәрігерге апарғанда жанын аман алып қалар ма едік. Соқырішегі жарылып кеткен екен. Адам қаны судай аққан ажал оғы зуылдап атылып жатқан майданнан аман келіп, ішегінің кінәратынан қайтыс болып кетті. 44 жаста еді әкем сонда. 40 жасында отыздағы келіншекті алған еді. Алты жыл отасты, обалы қане, өгей шешем өте жуас, маған қамқорлығын аяған емес. Жуастығын айтайын. 7-сыныпта оқимын. Әкем ауылдан жырақта қой бағады, үйде өгей шешем екеуміз ғана. Кешкілік балалармен бірге ойынға кетемін, кейді қауын ұрлауға барамыз. Сонда «қайда жүрсің?» деп нұқып, зекіген емес. 7-сыныпты бітіру емтиханына дайындық кезі, сыныптағы бір бұзық бала әрқайсысымызға кітап таратты. Қуанышымызда шек жоқ, емтиханда пайдаланамыз деп жүрміз. Математика пәнінен беретін сұсты, өте қатал Арал Шатыров деген мұғалім бар еді. Емтихан басталар алдында қойын-қонышымызды ақтарып, үш баладан кітаптарды тауып алды. Сөйтсек, әлгі кітаптың он алтыншы бетінде мектеп кітапханасының мөрі басылған екен. «Сендер мемлекет мүлкін ұрлаған ұрысыңдар, келесі емтиханға қатыспайсыңдар, ата-аналарыңды ертіп келіңдер» деп ертеңіне жиналыс ашты. Мал соңындағы әкем қайдан келе қалсын, өгей шешемді мектепке жиналысқа ертіп келе жатырмын. Жол-жөнекей: «Апа, қазір жиналыста «қандай баласың, ұрлықпен көсегең көгере ме, неге мектептің мүлкіне қол сұғасың!» деп жұрттың алдында ұрсыңыз, қажет болса, ұрып та жіберіңіз», – деп үйретіп келе жатырмын. Басын изеп, келіскен. Жиналыста ләм-мим деп тіс жармай отырып алғаны. Жуастығы, момындығы ғой.

Әкемнің жаназасы оқылып, жамбасы жерге тиген соң-ақ көп өтпей өгей шешемнің төркіндері келіп «алып кетемізге» басты. «Тым болмаса, әкемнің қырқы өтсін, қаралы үйге көңіл айтып келушілер болады» деп жалындым. Шешем де «қаламын, кетпеймін» дегенімен, әке-шешесі тақымдап қоймай алып кетті. Қаңыраған үйде жалғыз өзім ғана қалдым. Өтпелі кезеңдегі бозбаламыз, сол ауылда әкемнің ағасы Бекбосын деген кісі тұратын еді. Үлкен шешеміз Айымкүл бірнеше күн келіп, қасыма қонып жүрді. Сөйтсем, жанашырым жай жүрмепті. Анамнан қалған азын-аулақ алтын сырға, сақина, білезік, моншақ секілді құнды дүниелерін үптеп кеткен екен. Түп нағашым болыс болған, ел басқарған кісі екен. Жастайынан ел басқаруға, билікке құмартып өсіпті. Кедейден болыс сайлаймыз деп Ташкенттен шыққан оязды Сайрамда күткендердің ішінде болып нағашы атам тілмаш арқылы өзінің болыс болғысы келетінін айтыпты. Ояз да ондай мүмкіндікті сауда арқылы іске асырып жіберудің шебері болса керек. Тілмашқа қарап: «Болыс болғысы келсе, 350 бас қой тапсын және оны Ташкентке өзі айдап жеткізіп берсін, болыс сайлап жіберейін» деген екен. 23 жастағы нағашы атам ояздың аузынан шыққанды екі етпей орындап, болыстық мәртебесін үш жыл атқарады. Кейін менің анама, өзінің қызына 35 жылқыға қара меруерт тоғыз қатар өрілген моншақ, басқа да сырға-шолпысын өте қымбатқа сатып әперген екен.

Айымкүл шешеміз маған қорған бола жүріп, осындай құнды қазынамызды қолды етіп кеткенде қатты қорындым. Кейін достарым келіп қасыма қонып жүрді. Үйіміз ауылдың шетінде еді, тым шеткері-тұғын. Ауылдың ішінде болса қорықпас та едім. «Адам көрге де үйренеді» дегендей бірте-бірте жалғыз өзім қонып жүрдім. Әкемнің 16-шы калибрлі мылтығын күнде кешкісін оқтап алып басыма жастанып ұйықтаймын, сақтанған түрім ғой. Бір күні күзге қарай кешқұрым үйдің есігін біреу құлатардай тарсылдатып кеп ұрды. Ішінен іліп алып отырғам. Есім шығып кетті, ашсам – Мүсілім тұр. Екеуіміз 8-сыныпта бірге оқыдық дедім ғой. Мен өгей нағашыларыма кеткенде бұлар сол мектепте қалған. «Баяғының батырлары секілді мылтығыңды оңтайлап алыпсың ғой» деді қалжыңдай босағадан еніп. Жай-жапсарымды тыңдап, тағдырыма қаныққан соң сөз бастады. «Шымкенттегі медициналық колледжге оқуға түсіремін, құжаттарыңды алып кетуге келдім, өзім сол жерде студентпін» деді. «Оу, бұл қалай болады, оқуға құжатты жазда жинамай ма, емтихан тапсырмаймыз ба?» деймін мен сеніңкіремей. «Мамытбек, менің туысқан ағайым сотта істейді, сол күш салып түсіреді, сен құжаттарыңды маған ұстат, басқасына қам жеме» деп ол ертеңіне қоштасты. Бір аптадан кейін хат келіп тұр «сіз оқуға қабылдандыңыз, тез жетіңіз» деген. Салып ұрып Шымкентке барсам, медициналық колледж емес, кәсіптік техникалық училище екен. Жұмыс бөлмесіне кірсем, бастығы ұзынша келген егде жастағы орыс кісі, құжаттарымды алдына жайып тастапты. «Сен өзің ақын екенсің ғой» деді және соны таза қазақша айтты. Сөйтсем, орыс дегенім татар кісі екен. «Бокспен де шұғылданыпсың» деп тағы да шалқамнан түсіре жаздады. «Ойпырмай, мына кісіге кие қонайын деген екен, неткен көріпкел еді өзі, өлең жазатынымды біліп тұр, мектепте оқып жүргенде бокспен шұғылданғанымды да қатесіз тапты, қасиет қонған кісі екен» дейді ішкі түйсігім тыным бермей.

Jas qazaq: Бал ашатын кісі ме екен?

Мамытбек Қалдыбай: Жоға-а, менің құжатымның шетіне Мүсілім поэт, боксер деп жазып жіберіпті, содан оқып білген екен ғой. Ақын екенімді тексергісі келді ме, өлеңімді жатқа оқуымды сұрады. Өзім көрмеген, атын естіп, теледидардан ғана көрген Мәскеу туралы жазған өлеңімді оқып бердім. Кәсіптік техникалық училищеге спортшы балалар аса қажет екен, еш қиналмастан қабылданып кеттім де, алты ай оқыдым. Тамағы үш мезгіл тегін, жатақханасы бар, азын-аулақ шәкіртақы да аламыз. Орысша онша жарытпаймын. Орыс тілі мен әдебиетін күні-түні тынбай оқып аламын, кейбір сұрақтардың жауабын жаттап жүремін. Училищеден берілген киіміміз тәп-тәуір. Бірде Мүсілім келіп, менен сол киімді сұрап киіп кетті. Ертеңіне сабақта отырсам, директор шақырады деген хабар жетті. Барсам, Мүсілім отыр кабинетінде. Анығына бойласам, Мүсілім отырыстан қайтып келе жатып училищенің ішінде директорға амандаспапты, өзі мұнда оқымайды, танымағаны ғой. Басшы адам студентіне қыр көрсетіп, неге амандаспағанын айтып жекіген. Мүсекең танымайтынын айтқан. Ақыры киімді қайдан алғанын анықтап, мені шақыртқан екен. Салған жерден ұрыс басталды. Оқудан шығаратын болды. Бір күн өткен соң құжатымды алайын деп барсам, бермейді. Қояр талабы – алты ай жатқан жатақхана ақысын, алты ай ішкен тамақтың құнын төлеп кетуім керек екен. Оған менің шамам қайсы. Ақыры директор екеуміз бір тоқтамға келдік. Училищенің оқу мерзімі бір жарым жыл екен. Алты айы өте шықты, енді бір жыл шыдасам болды. Келісіп, осында қалдым. Күнде тамағымды ішіп алып, сол маңдағы Жамбыл атындағы кітапханаға барамын. Институтқа түсемін деп дайындалдым. Өйткені әкем өзі әріп танымай өтті. Қаржы агенті қараңғы екенін пайдаланып, төлемді бір емес екі мәрте төлетіп қанаған. Соған ашуы келген әкем «басым жерге тигенше баламды оқытамын» деп ант берген екен. Онысын қайда барса да, айтып жүретін. Амал қанша, әкем менің студент атанғанымды көре алмады. Ал маған оның осы сөзі үлкен демеу, қамшы болды. Қалайда әкемнің аманатын орындауым керек деген ой көкейімнен кетпейтін.

Училищедегі оқуым аяқталып, жатақханадан шығарып жіберді. Жоғары оқу орнына емтихан тапсырамын деп кітапханаға баруымды тоқтатқам жоқ. Ал кешқұрым вокзалдың жанындағы ескі вагон қоналқа орнына айналды. Ішінде өзбек шал, орыс шал және тағы бір маскүнем үшеуі қонады екен. Астына шөп төсеп қойған. Төртінші болып мен қоныстандым. Екі күн қонып үшінші күні кітапханаға бара жатыр едім, бір бейтаныс кісі қарсы ұшырасып тоқтатты. Амандықтан кейін «мына жүрісіңе ұялмайсың ба?» деді кейіп. Әрине, ұят, киімдерім сауыс-сауыс, шашым ұйпа-тұйпа болып өсіп кеткен. Ол кісіге жайымды айттым, ауыстыратын киім де, үтік түгілі ток жоғын естіп-білді. «Қайда барасың?» деді. Мен оқуға емтихан тапсыру үшін кітапханаға барып жүргенімді жеткіздім. «Маған ілесіп жүр» деп өзінің үйіне ертіп барды. Негізінен үйі өзбектер тұратын «Жаңа шаһар» деген ауданда екен. Екі бөлмелі жер үй, әйелі өзінен жастау көрінді. Екеуі оңаша кеңесіп, мені бір ай, яғни емтихан уақыты өткенше тұруыма келісім берді. Содан кейін таныстық. Жәкеш Ділманов деген Ақтөбе облысы Қобда ауданынан келген адам екен. Әкесі бай атанып кәмпескеде қуғынға ұшырап, қашып Шымкентке келіпті де, қорғасын зауытына жұмысқа кіріпті. Жәкештің үйінде 10-сыныпта оқитын қызы бар екен. Өзі орыс тілді, орыс мектебінде оқиды. Екеуміз салған жерден мәмілеге келе алмай, жұлдызымыз қарсы болып шыға келді.

Jas qazaq: Неге?

Мамытбек Қалдыбай: Неге дерің бар ма, Тургеневтің «Қарсаңда» деген романы туралы пікіріміз қақ жарылды. Ол бас кейіпкерді жамандайды, ал мен ақтап әлек боламын. Содан екеуміздің сөзіміз жараспады. Бірақ бір ай сол қыздың үйінде ата-анасымен бірге тұрып, оқуға дайындалдым. Ақтөбеден Жәкеш аға өзінің анасын алдырды, өте сөзге ділмар, көнекөз кісі еді. Кәмпеске кезіндегі үркінді, белсенділермен қалай құм ішінде шайқасқанын естігенде төбе құйқаң шымырлайды. Сол үйде жүріп оқуға түстім. Жәкеш ағам қатты қуанды да, емтихан қорытындысы жарияланатын күні өзінің киім сөресінен мүлде киілмеген шиден тоқылған қалпағын сыйға тартты. Тамыз айындағы Шымкенттің ыстығы аңқаңды кептіреді. Сондай ыстықта күн өтпесін деп жаны ашығаны ғой. Медицина училищесіне оқуға тапсырған бір қызбен таныскам. Ол түсе алмай қалды да, менің бағым жанып, институт студенті атандым. Соны сылтау етіп, жуып бермекке саябаққа бардық. Аралап жүргенімізде төрт-бес жігіт маған тұра ұмтылды. Сірә, ана қызды қызғанып, торуылдап жүрсе керек. Олар көп, мен жалғыз, күшім келмесін біліп қаштым. Қошқарата деген өзен ағады, келдім де киіммен қойып кеттім. Су кеңірдегімнен келді, жандалбасалап жағаға ұмтылғанда басымдағы Жәкеш ағам сыйға берген қалпақ ақты да кетті. Жағаға шыққанымнан, қалпақтан айырылдым. Сүтке тиген мысықтай болып үстім сүме-сүме су болып үйге келдім. Жәкеш аға жік-жапар болып жағдайды сұрап жатыр. Қалпақтан айырылып қалғанымды естігенде тым құрыса кейіген де жоқ. «Бастан құлақ садаға, өзің аман болсаң болды» деді. Әлі күнге қатты өкінем, осы кісіге титтей де жақсылық жасай алмадым. Танымайтын мені қаңғыбастардың арасынан тауып алып үйіне әкеліп тұрғызды, бір күнге емес, бір айға! Институтты аяқтаған соң әскер қатарында болдым. Кейін келсем, Жәкеш аға қайтыс болып, әйелі мен қызы үйін сатып көшіп кетіпті. Көршілері кілең өзбектер еді, сұрастырып ем, мардымды жауап айтпады. Содан хабар үзіліп қалды.

Jas qazaq: Өгей шешеңізді кейін кездестірдіңіз бе?

Мамытбек Қалдыбай: Шымкентте институтта оқып жүргенімде қоғамдық көлікте ұшырастық. Өңі жүдеу тартып қалыпты, бір-бірімізді көрмегенімізге үш жыл болған. Тұрмысқа шықпаған екен Тұрсын апам. «Оқуға

Мүсілім Дайырбеков

түскен екенсің, Алла жолыңды оңғарсын, қарағым» деп батасын берді. Сол кездесуден көп өтпей-ақ өгей шешем Тұрсын қайтыс болыпты жабысқан кеселден. Қаралы хабарды естігенде қуандым.

– Неге?

– Өйткені ол кісі өзінің дүниеқоңыз ата-анасының азабынан, тіршіліктің қым-қиғаш бұралаңынан ертерек құтылды ғой деп. Тұрсын апамның ата-анасын қатты жек көріп кеткен едім. Әкемнің қырқына қаратпай алып кеткені үшін, іштегі кегім қатып қалған еді.

Өгей шешем әкеммен бірге алты жыл тұрды дедім ғой, бұл кісінің де жақсылығы өтті маған. Бірақ мен өз қолым аузыма жеткенше қайтыс болып кетіп, жақсылығына жақсылық қайтара алмадым.

Менің тағы өкінішім бар. Оның бірі Жамбыл Жабаевтың жеке көлік жүргізушісі болған орыс кісімен танысып, кейін жыр алыбы жайында көптеген естелік айтып беремін деді. Сол кісімен емін-еркін отырып әңгімелесе алмай қалдым. Тағы бір құнды қазына деп Мұхтар Әуезовтің үйінде күтуші болып жұмыс істеген келіншектің қызымен ұшырасып, заңғар жазушының өмірі туралы да орамды естеліктер айтып беруін өтініп, келісімін алған едім.

PS: *Сұхбаттың жалғасы келесі санда.*

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Біржан ӘЗІМБЕРДИЕВ: ШЫМКЕНТ – ІСКЕР ҚАЛА

Еліміздің үшінші мегаполисінде өткен жылғымен салыстырғанда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 7,7 пайызға өскен. «Бизнестің жол картасы-2025», «Қарапайым заттар экономикасы», «Мен кәсіпкер боламын» мемлекеттік бағдарламалары – қаладағы бизнесті мемлекеттік қолдаудың негізгі драйвері. Шаһарда инвестиция тартуда да оң өсім байқалады. Мегаполистің осы және өзге де экономикалық, индустриялық жетістіктері туралы Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Біржан Әзімбердиев әңгімелеп берді.

– Біржан Қанатұлы, өзіңіз басшылық етіп отырған басқарма қаладағы өнеркәсіпке тікелей жауапты. Жалпы Шымкенттің өнеркәсібі коронадағдарыстан қалай шықты? Карантиннен кейін қанша өндіріс орны жұмыс істеп тұр?

– Шымкент қаласында дәл қазіргі кезеңде өнеркәсіп саласында 736 кәсіпорын белсенді жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 26 ірі және 44 орта кәсіпорын бар. Онда 31,6 мың адам еңбек етеді.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2022 жылғы қаңтар-сәуір айларында 287,6 млрд теңгені немесе өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 104,8 пайызды құрады. Бұл кен өндірісінің 20,3 пайызға, өңдеу өнеркәсібінің 4,9 пайызға, электр, газ және бу беру саласы 3,4 пайызға, сумен жабдықтау 9,6 пайызға өсуі есебінен қалыптасты.

Өнеркәсіп саласында үлесі 85 пайызды құрайтын өңдеу өнеркәсібінде 244,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 4,9 пайызға өсті.

Өңдеу өнеркәсібінде сусын (*106,0%*), киім-кешек (*163,8%*), қағаз және қағаз өнімдері (*129,8%*), мұнай өңдеу өнімдері (*108,2%*), металлургия өнеркәсібі (*118,1%*), дайын металл бұйымдары (*144,0%*), электр жабдықтары (*102,5%*), жиһаз (*101,2%*), өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндірісі (*101,6%*) салаларында өткен жылға қарағанда өнім көлемі артқан.

– Шетелдік инвесторлардың Шымшаһарға қызығушылығы жоғары дейді ғой?.. Инвестициялық ахуалымыз қалай?

– Осы жылдың қаңтар-сәуір айының қорытындысы бойынша, қала экономикасына 108,6 млрд теңге тартылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 73,2% артты (*2021 жыл қаңтар-сәуір – 59,7 млрд теңге*).

Қалада 2021-2025 жылдар аралығында жүзеге асырылатын құны 2,7 трлн теңгеге 296 инвестициялық жобаның базасы жасақталды. 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Оның ішінде биыл құны 241 млрд теңгені құрайтын 65 инвестициялық жоба іске асырылып, 2500 жаңа жұмыс орнының ашылуы жоспарлануда.

Сондай-ақ жалпы кәсіпкерлік қолдау картасы аясында осы жылы қала аумағында 16 жоба іске қосылып, 1043 жұмыс орны құрылады. Оған 52,3 млрд теңге бөлінеді.

Бүгінгі таңда қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвестициялар тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, кәсіпкерлерге және инвесторларға «бір терезе» қағидатымен консультациялар жүргізу, сүйемелдеу, мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету, сонымен қатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және инвесторларға қызмет көрсету барысында жолығатын шектеулер мен бөгеттерді жою және сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында «Бизнеске арналған үкімет – Shymkent Invest» фронт-кеңсесі жұмыс атқаруда.

Сонымен қатар, инвесторларды қолдау мақсатында қала аумағында 743 гектар жерде төрт өнеркәсіптік аймақ жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Оңтүстік» индустриалды аймағы (*аумағы – 337 га*); «Тассай» индустриалды аймағы (*аумағы – 89 га*); «Оңтүстік» көлік-логистикалық аймағы (*аумағы – 92 га*); «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы (*аумағы – 225 га*).

Аталған аймақтарда 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құрумен 294,5 млрд теңге сомасына 191 инвестициялық жоба іске асырылуда.

Оның ішінде, 161,8 млрд теңгеге 8 мыңнан аса жұмыс орнымен 128 жоба іске асырылды.

Атап айтсақ, «Оңтүстік» индустриалды аймағында 89,6 млрд теңгеге 5 мыңнан аса жаңа жұмыс орнымен 94 жоба іске асырылуда. Оның ішінде, 75 жоба іске қосылып, онда 4 мыңнан аса жұмыс орны ашылды және оған 63 млрд теңгенің инвестициясы тартылды.

Ал «Тассай» индустриалды аймағында 46,0 млрд теңгеге 2 мыңнан аса жаңа жұмыс орнымен 37 жоба іске асырылуда. Оның ішінде, жалпы құны 28,0 млрд теңгелік 20 жоба іске қосылып, онда 1 мыңнан аса жұмыс орны ашылды.

Көлік-логистика аймағында 32,5 млрд теңгеге 530 жұмыс орнын құрумен 7 жоба жүзеге асырылуда. Бүгінде 15,9 млрд теңгеге 225 жұмыс орнын құрумен 3 жоба жүзеге асырылған.

Қаладағы арнайы экономикалық аймақтың инвестициялық қоржыны жалпы құны 126,4 млрд теңгені құрайтын 53 жобадан тұрады. Олар 4 мыңнан аса жұмыс орнын құруды көздейді.

«Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында жалпы инвестиция көлемі 54,9 млрд теңге тұратын 30 жоба іске асырылып, 2,4 мыңға жуық жұмыс орны құрылды.

Қазіргі таңда қолданыстағы аймақтардың толымдылығы 90 пайызды құрайды. Осыған байланысты, жалпы алаңы 306 гектар болатын «Жұлдыз» жаңа индустриалды аймағы құрылуда (*бұл жобаның іске асырылу мерзімі: 2021-2022 жылдар*). Жаңа аймақта құрылыс, металлургия, фармацевтика және жиһаз өнеркәсібі саласындағы жобалар іске асырылады. Қазір мұнда инфрақұрылым жүйелерін жүргізу жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда аталған жобаларға тұрақты мониторинг жұмыстарын жүргізу, проблемалық мәселелерін шешу бойынша, қаланың жалпы инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында Шымкент қаласы әкімдігі жанындағы инвестициялар тарту мәселелері жөніндегі штаб құрылды. Штабтың негізгі қызметі – инвесторларды мемлекеттік қолдау арқылы ынталандыру, қала аумағында жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарын кеңейту мен жаңарту, жаңа өндіріс алаңдарын құру, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы проблемалық мәселелерді шешуді жеделдету. Апта сайын өткізілетін штаб отырысында инвестициялық жоба бойынша жауаптыларға тапсырмалар жүктеліп, олардың орындалуы тұрақты бақылауда. Бүгінгі таңда бірқатар жүйелі мәселелер шешімін тауып жатыр.

– Сіздер өз тараптарыңыздан инвесторларға қандай да бір кепілдіктер бересіздер ме?

– Шымкент қаласының әкімдігі инвестициялық жобаны табысты іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау; жобаны іске асырудың барлық сатыларында барынша қолдау; мәселелерді жедел шешу, процестердің ашықтығы, ашық диалогқа кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының салық, кеден, жер заңнамасына сәйкес, инвесторларды тарту және сүйемелдеу үшін «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының қатысушылары үшін мынадай корпоративтік табыс салығын төлеуден босату; жер салығын төлеуден босату; мүлік салығын төлеуден босату; импорттық тауарларға ҚҚС төлеуден босату; кеден бажынан босату; жобаны іске асыру үшін жер учаскесін 10 жылға дейінгі мерзімге тегін беру сияқты жеңілдіктер мен преференциялар көзделген.

Ал өндірісті қаладағы индустриялық аймақтардың аумағына орналастыру кезінде инвесторға жалдау шартымен инфрақұрылымы жүргізілген дайын жер учаскесі беріледі.

– Қаламызда мемлекеттік бағдарламалардан бөлек, «Іскер қала» өңірлік бағдарламасы іске асырылып жатыр екен. Бұл бағдарлама несімен ерекшеленеді?

– Расында да, Шымкент қаласында шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларынан басқа «Іскер қала» өңірлік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама шеңберінде жастар мен әйел кәсіпкерлер үшін жылдық 1 пайызбен 10 миллион теңгеге дейін жеңілдетілген несиелер қарастырылған.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік парктерді дамыту үшін шаралар қабылдануда. Ол бойынша кәсіпкерлерге тоқтап тұрған өндірістік кәсіпорындардан өнеркәсіптік алаңдар беріледі. Сондай-ақ өнеркәсіптік парк аумағында өз жобасын іске асыру үшін 2 пайызбен 50 млн теңгеге дейін жеңілдетілген несиелер беріледі.

– Қалада шағын бизнесті дамытуға мүмкіндік беретін өндірістік парк ашылғаны есімізде. Ондағы жұмыс қалай жүріп жатыр?

– Былтыр Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Шымкент қаласындағы «Тассай» индустриялық аймағының жанынан «Silkway Alliance» өндірістік паркі іске қосылды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған өндірістік парк – «Іскер қала» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған пилоттық жоба.

Мұндағы барлық инженерлік инфрақұрылыммен қамтылған дайын өндірістік алаңдар кәсіпкерлерге ұсынылатын болады. Парктің жалпы алаңы 4,4 гектарды құрайды. Оның 3 мыңға жуық шаршы метрі өндірістік алаңдар үшін, ал 1 мыңнан астам шаршы метрі кеңсе алаңы үшін жалға беріледі.

– Қалада шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған бұдан өзге мемлекеттік бағдарламалар да сәтті жүзеге асып келе жатыр ғой?

– Мемлекет басшысы «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 1 жылға ұзарту жөнінде шешім қабылдаған болатын. Бұл кәсіпкерлер үшін таптырмас мүмкіндік. Қалада бүгінде аталған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 2 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілді. Сонымен қатар «Мен кәсіпкер боламын» жобасымен әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін 10 млн теңгеге дейін 1 пайыздық 6 шағын несие беру қарастырылған. Бұдан бөлек, кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін «Бизнеске арналған үкімет – Shymkent Invest» кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің бірыңғай орталығы жұмыс істейді. Ал осы жылы кәсіпкерлер жеңілдетілген несиеге қол жеткізуі үшін «Shymkent – Atameken» микроқаржы ұйымы құрылды. Бұл жұмыстардың барлығы кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында жасалып отыр.

Жобаның бірінші кезеңінде 15 резидентті орналастыру жоспарланған, бүгінде 69 жұмыс орнын құрумен 8 жоба іске қосылды. Жобаның екінші кезеңінің құрылысы 2022 жылы аяқталуы тиіс.

«Іскер қала» бағдарламасы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Бағдарлама 3 бағыттан тұрады. Бірінші бағыт — өндіріс саласы бойынша қалада тоқтап тұрған немесе бос тұрған ғимараттардың ішінде өндірістік парктер құру. Екінші бағыты – ауыл шаруашылық кооперативін құру арқылы якорлы кәсіпорындарды тиісті өніммен қамтамасыз ету. Үшінші бағыт – 1000 сауда нүктесі.

Жалпы осы «Іскер қала» бағдарламасының жүзеге асырылуы арқылы 3 жылда 13,3 млрд теңге инвестиция тартуға, 2,8 мың жаңа жұмыс орнын құруға, 1 мыңнан астам жаңа кәсіпорынның ашылуы межеленген. Осының нәтижесінде бюджетке жылына 103 млн теңге салық түсуі күтілуде.

– Экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау қарастырылған ба?

– Еліміздің инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №1128 бұйрығына сәйкес, «QazTrade» АК-мен «Экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау шаралары» бойынша кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, бұлар: экспорт бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу, экспорттық акселерация бағдарламасы, халықаралық электрондық платформаларға шығару, сервистік қолдау шаралары.

Аталған бағдарлама өңіраралық байланысты нығайтуға және экспортты ілгерілетуге септігін тигізетін болады.

Сонымен қатар, қазақстандық кәсіпорындар мен әлеуетті импорттаушылары (*сатып алушылар*) мен дистрибьюторлар арасында сауда қатынастарын кеңейту, тәжірибе алмасу және екі ел кәсіпкерлері арасындағы байланыстарды кеңейту мақсатында қолдау көрсетеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мөлдір МАМЫРБАЙҚЫЗЫ,
Шымкент қаласы

Qazyna Qamy

ҰҚСАТА БІЛГЕНГЕ

Ұлттық қор сарқылмауы тиіс

1. ПЕРҒАУЫННЫҢ ТҮСІ

Қай халық болсын, қадым заманнан бері қиын күнге азық жинаған. Осыған байланысты Жүсіп пайғамбардың ежелгі Мысыр билеушісінің түсін қалай жорығанын баяндайтын әфсана туралы жазғанбыз. Соған қайта оралудың реті келіп тұр. Перғауын түсінде көгалда жайылып жүрген 7 тоқ сиырды көреді. Содан кейін аштықтан бұратылған жеті ірі қараны. Мәнісін біле алмай, елдегі көріпкел мен балшы атаулының бәрін шақырады. Ешкім таппайды. Мұны естіген Жүсіп сарайға келіп, патшаның түсін жориды. Сондағы айтқаны мынау. 7 семіз сиыр – жеті жыл молшылық болады. Сондықтан жиналған астықтың ішіп-жемнен артылған бөлігін қамбада сақтау қажет. Содан кейін жеті жыл бойы қуаңшылық, егін шықпайды. Көтерем сиыр соның белгісі. Перғауын келелі кеңеске құлақ асып, Жүсіпке сый-сыйпат берген деседі. Ғибратты тағлым ұрпақтан ұрпаққа тарады. 1968 жылы ағылшын композиторы Ендрю Ллойд Уеббер (*Andrew Lloyd Webber*) осы ғибратты тағылымды атақты шығармасына арқау етті.

Ертеңгі тіршілікті ойлап, қарекет қылу – қазақ даналығында қасиетті қағиданың бірі. «Түстік өмірің болса, күндік мал жи» дейтін нақылдың қай ғасырда дүниеге келгенін тап басып айту қиын. Данышпан Абайдың пәлсапасы осы ұғымды жетілдіре түседі. Түпнұсқадан аспаса, титтей де кем түспейтін әйгілі өлеңінде ала жаздай гөлайттап, қыс қамын ойламаған қалтырауық шегіртке арқылы қыдырымпаз һәм ойын-сауықшыл жалқауды өткір тілмен түйрейді. Ерінбей еңбек еткен, қоймасы дәнге толы, баспанасы жып-жылы құмырсқаны үлгі-өнеге етеді.

Қиналғанда сеп болар деп, сары майдай сақтап отырған алтын көмбеден қарпып алу оңай амалға айналып барады. Әсіресе, бюджеттің кірісіне жауапты атқамінерлерге. Әңгіме Ұлттық қордан алынатын қаржы жөнінде. Оның көлемі биыл да 4 триллион теңгеден асып түсті. Соңғы екі жыл мұнайдың мол ақшасынан қаққан тәжкеселдің кесірінен делік. Ал 2022-ге не жорық? «Қара алтынға» да, басқа шикізатқа да сұраныс көп. Соған орай, бағасы да жоғары. Мемлекет басшысының көкейкесті мәселеге қатысты пікірінен осындай сауалды аңғардық. Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы үш жылда қордан жасалатын трансферттің 14 триллионға жақындағанын, мұның шамадан тыс көп екенін айта келе, «Республикалық бюджет Ұлттық қордың қаржысына арқа сүйемеуі тиіс. Трансфертті біртіндеп азайту керек», – деді.

Президент кіріс көзін көбейту үшін үкіметке нақты тапсырма берді. Атап айтқанда, ірі жобаларды нарық тетіктері арқылы іске асыру, мемлекет пен жекеменшік кәсіпкерлікті дамыту, банк несиесін пайдалану, бюджет шығындарын қайта бөлуді тапсырды. Расында, біздегі банктер бармайтын, жеке инвестор жоламайтын ірілі-ұсақты жобалардың барлығы да бүгін бюджеттің мойнында. Экономикасы дүрілдеп тұрған елдер мен солардың қатарына қосылуға ұмтылған Түркияда Build – Operate -Transfer (*Жаса* (*қолға ал*) – Жұмыс Істет – Өткіз (*мемлекетке*) жүйесінің инвестор тартуда қаншалықты тиімді екеніне таяуда тоқталғанбыз. Нағыз нарықтың заңымен өмір сүріп жатқан түрік бауырлар жол, көпір, метро, әуежай, туннель, өндіріс ошағын салғанда осы амалға (*түрікше: Yap– İşlet – Devret*) жүгінеді. Қымбат жобаға қазына қаржысын қалай жеткізуге бас қатырмайтын үкіметтің де жүзі жарқын, қалтасы тоқ кәсіпкердің де есебі түгел.

Орта дәліз еліміздің транзиттік әлеуетін арттырады

2. КІРІС КӨЗІ

Құрық айлағының бүгінгі қарқыны

3. TRANS-HAZAR

Бюджетке қатысты басқосуда тағы бір ұтымды ұсыныс айтылды. Ол – транзиттік тасымалдың әлеуетін пайдалану. Мемлекет басшысы бұл ретте Достық – Мойынты теміржолы бөлігі мен мемлекетаралық дәліздерді жаңғырту қажеттігіне тоқталды. Инфрақұрылымдық жоба Қытай мен Еуропа арасындағы транзит тасымалын ұлғайтып, осы бөліктің өткізу қабілетін бес есе арттыруға мүмкіндік береді. Ресми статистикаға жүгінсек, биылғы қаңтар мен ақпанда тасымалдың бұл түрі бойынша көрсеткіш 4 млн тоннаны құрапты. Жыл соңына дейінгі меже – 24,5 млн тонна. Әлемдегі геосаяси құбылыстардан туындаған жайсыз да күрделі түйіндерді шешуге тура келіп отырған Үкімет үш жылда 30 млн тоннаға жеткізуді көздеп отыр. Транзиттік тасымалдың тиімділігіне талас жоқ. Пандемияға дейін қазынаға жыл сайын 450 млрд теңге кіріс беретін. Мемлекет басшысы жуырда Түркияға барғанда бүгінгі күннің өзекті идеясын ортаға тастады. Ол – түріктер «Хазар» деп атайтын Каспий теңізі арқылы жүк тасу көлемін еселеу. «Орта дәліз» деп аталатын жобаның оңтайлы тұсына тоқталмас бұрын, сәл шегініс жасаған жөн.

Өткен жылы наурызда жүк толы контейнер тиелген Ever Given кемесі Суэц каналында көлденең тұрып қалды. Сөйтіп бір жеті бойы жол қатынасы үзілді. Тауарын көздеген жеріне уақытында жеткізе алмаған сауда-саттық жасаушылар сағат сайын жарты миллиард доллардан қағылды деседі. Өткел ақысын алатын Мысыр мемлекетінің шығыны да біршама. Мұнай мен газ бұйырмаған бұл елдің бюджеті осы транзиттен түсетін кіріске көбірек қарайлайды.

Тура бір жылдан кейін оқыс оқиға қайталанды. Қара теңіздегі Новороссийск айлағында орналасқан терминалда танкерге мұнай тиейтін қондырғылар жойқын дауылдың кесірінен істен шықты. Қазақ мұнайының елеулі бөлігін әлемдік базарларға жеткізетін құбыр желісінің қызметі тежелді. Сарапшы мен блогер атаулы апатты сан-саққа жүгіртіп, қара аспанды төндірумен болды. Үкімет шикі майды айлаққа жеткізетін Каспий құбыр желісі консорциумымен шұғыл келіссөз жүргізіп, қондырғыны қалпына келтіру ұзаққа созылмады.

Айтпай келген апат бір бағытқа көбірек байланып қалмау қажеттігін тағы да қаперге салды. Содан болар, Президент Анкарада жүк тасымалында Транс-Каспий халықаралық көлік бағыты (*ТХКБ*) мен Маңғыстаудағы Құрық портының мүмкіндігін пайдалану қажеттігін мәлімдеді. Іскерлік әлеміндегілер Middle Corridor (*Орта дәліз*) деп атайтын бұл бағыт бірнеше елді қамтиды. Айталық, Түркиядан шыққан жүк пойызы Грузия арқылы Әзірбайжанға келеді. Алят портында контейнерлер кемеге тиеліп, Каспий теңізімен Ақтауға жеткізіледі. Одан әрі Қазақстан арқылы Қытайға бет алады. Ал тасымал қарсы бағытпен жүзеге асқанда, жүкті Анадолы атырабымен Еуропаға немесе Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкаға жеткізуге мүмкіндік бар. Trans-Hazar-дың тағы бір тиімді тұсы – уақыт үнемдеуі. Ресей аумағы арқылы өтетін Терістік дәлізге қарағанда жол 2 мың шақырымға қысқарады. 2015 жылғы 28 шілдеде аталған күретамырмен алғашқы контейнер пойызы (*Nomad Express*) Қытайдың батыс өңірінен шығып, Ақтау порты арқылы Бакуге 6 күнде жеткен. Ары қарай жүк Баку-Тбилиси– Карс (*Түркия*) темір жолымен тасымалданады. Бұған қоса, Қазақ мұнайы Каспийді кесіп өтіп, Баку-Тбилиси –Жейһан құбыр желісімен Ақ теңіз аумағында тұтынушыға баратынын да айтқан жөн. Рас, ол кезде бұл бағытқа күмәнмен қараушылар көп болды. Әйтсе де, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев басқарған ел билігінің транзиттік тасымалда да көпвекторлық саясатты жүзеге асыруы ұтымды да оңтайлы ұстаным болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

Түркиядан шыққан алғашқы жүк пойызы Қытайға бет алды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстаудағы порттардың әлеуетін арттыруға айрықша мән беруі бекер емес. Биылғы қаңтарда Ақтау және Құрық айлақтары арқылы Орта дәлізбен 14 мың тонна жүк тасымалданса, көрсеткіш ақпанда 22 мыңға, ал наурызда төрт есе ұлғайып, 88 мың тоннаға өсті. ТХКБ қауымдастығы Бас хатшысы Ғайдар Әбдікерімов былтыр тауар айналымы 700 мың тонна болғанын, ал биылғы тапсырыс 10,5 млн тоннаға жететінін айтады.

Мақалада көп қырлы ұстаным жайында сөз еттік. Алпауыт күштер арасындағы ымырасыз текетірестен жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі құбылмалы дүниеде экономикалық тәуелсіздік пен жеті өлшеп, бір кесетін ұстаным өте-мөте қажет боп тұр.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы

ШАРТАРАП ШАРТАРАП ШАРТАРАП ШАРТАРАП ШАРТАРАП ШАРТАРАП ШАРТАРАП ШАРТАРАП

Мысырдағы 4 мың жылдық Мәди кентіне туристер ағыла бастады

Теңіз бетінде салынған әуежай пайдалануға берілді

(Ризе-Артвин. Түркия)

Қытайлар жасаған балшық робот байқамай жұтып қойған заттарды ағзадан шығарады

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Тағзым

Ақсу ауданының Еңбек ауылындағы Қарасу орта мектебінде Алаш қайраткері, ағартушы Мейірман Ермектасовқа арналған ескерткіш-тақта ашылды. Өз кезінде елінің өркениеті үшін өлшеусіз еңбек етсе де, кеңес билігі тұсында ұзақ уақыт құдалауға ұшыраған Мейірман Ермектасовқа араға бір ғасыр салып барып туған жұрты осылай құрмет көрсетті. Жетісу жерінде алғаш рет Маман ұрпақтары ағартушылықтың шамшырағын жақса, сол отты өшірмей Ақсу өңірінде жалғастырған Мейірман Ермектасовтың қазақ халқын сауаттандырудағы еңбегі ересен.

АҒАРТУШЫЛЫҚ ШАМШЫРАҒЫ

Өткен ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістер мен рухани жаңғыруларды бастан кешті. Ұлттық мәдениетті мәйектетіп, ілім-білімнің туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы рухани топтың ортасында Мейірман Ермектасов та жүрді. Бірақ тоталитарлық жүйе оның туған елі үшін қолға алған игілікті істерін соңына дейін жеткізуге мүмкіндік бермеді. Қудаланып, шетел асып, жан сауғалауға мәжбүр болды. Жатжұртта да ол ұлттың ертеңгі болашағы үшін өзінде бар білім мен біліктің бәрін арнады.

Мейірман Ермектасов 1888 жылы 2 қыркүйекте қазіргі Ақсу ауданы Еңбек ауылында Қашқынбай деген кедей шаруаның шаңырағында дүниеге келді. 1908 жылы Қапал уезіндегі жеті жылдық мектепті үздік аяқтап, алғашқы ұстаздық жолын Мамания мектебінен бастайды. Сол кездердегі шәкірттерінің бірі Ілияс Жансүгіров болатын. Білім қуған жас 1910-1914 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия Бану медресесін» үздік бітіріп, сол тұстағы зиялы қазақ жастарының қатарынан орын алады. Еліне келген соң 1922-1924 жылдары Ораз Жандосовпен бірге қазіргі Еңбек ауылында құрылыс материалдарын жан-жақтан өгіз арбамен тасып жүріп, сан қиындықты жеңіп, мектеп ашып, елді білім көкжиегіне жетеледі. Бүгінде бұл мектеп Қарасу атындағы орта мектеп аталып, сан түлекті білім нәрімен сусындатып келеді.

Өкінішке қарай, Мейірман Ермектасов 1916 жылғы Бөрібай басшылығындағы ұлт-азаттық көтерілісі мен Алашордамен тікелей қатысы болғандықтан, қызыл өкіметтің қырына ілікті. Оның мектеп ашып, ағартушылықпен айналысқаны, Ораз Жандосовпен бірге ең алғаш балалар үйін салып, жетім балаларға көмек көрсеткені, тағы да басқа азаматтық істері ескерілгені былай тұрсын, басына қатер болып төнді. Ақыры 1930 жылдары Қытай асып тынды.

Қытайға өткеннен кейін де өзінің мол білімін, біліктілігін, Алаш арыстарынан көрген өнегесін сондағы қандастардың қараңғылықтан құтылып, жарық дүниеге жол алуына арнады. 1933 жылы Мейірман Ермектасовтың жобалауымен Қытай қазақтарынан шыққан меценат Жабықбай Бұлғыншыұлының көмегімен «Жабықбай» мектебін ашып, сол жақтағы ағайынға ағартушылықтың нұрын септі. 1934 жылы Қытайдың Құлжа қаласында құрылған «Қазақ-қырғыз мәдени ағарту ұйымының» мұрындық болуымен ашылған Тұрасу жайлауындағы мұғалімдер даярлау курсына сабақ беріп, бастауыш сынып мұғалімдерін тәрбиелеп, қазақ ағартуына тағы да тың үлес қосты. Одан кейінгі өмірі де күреске толы болды.

1944 жылы Құлжа қаласында Үш аймақ төңкерістік өкіметі құрылған тұста демократиялық азаттық қозғалысының мүшесі және Шығыс Түркістан халық сотының төрағасы, Кеңес азаматтық қозғалысының басқарма мүшесі ретінде Шығыс Түркістан өкіметінің тексеру комиссиясын басқарады. Сол тұста Іледегі Кеңес азаматтарына қызыл паспорт жасап беруге белсене араласады. Кейін сол адамдар 1954 жылдан кейін дүркін-дүркін елге оралды. 1945 жылдың ақпан айынан бастап оқу-ағарту мекемесін басқарса, 1947 жылы сәуір Үрімжіде Гоминдан мен Шығыс Түркістан өкіметінің арадағы соғысты тоқтату келісіміне келгенде Үрімші қаласына өткен бейбітшілік келісіміне қатысады. 1946-1950 жылдары 3 округтік Сот Органының төрағасы болады.

1950 жылдың 3 мамырда қайтыс болып, сүйегі сол жақта қалды.

Мейірман Ермектасовтың кіндігінен Зейін атты жалғыз ұлы қалды. Зейіннен 8 қыз, 3 ұл тарап, бүгінде бір қауым елге айналыпты. Ескерткіштің ашылу салтанатына Алматы, Тараз, Қызылордада тұратын Ермектасовтың ұрпақтары да қатысты. Ағартушының немерелері Майра Ермектасова мен Зоя Ермектасова және шөберелері ескерткіш-тақтаның ашылуында үлкен жұмыс атқарған Жексембек Мықтыбаев пен Еңбек ауылы Қарасу орта мектебінің директоры Мұхтар Сағадиевтің ығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Мейірман Ермектасовтың өмірі мен өнегесін зерделеп, өскелең ұрпаққа жеткізу жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген Жексембек Мықтыбаев, өлкетанушы-зерттеуші Қажет Андас, тарихшы-педагог Абай Мырзагелді тың деректермен бөліссе, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов, Ақсу ауданы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Амантай Айтбайұлы, Молықбай атындағы аудандық Мәдениет үйінің директоры Асхат Досмұхамбетов және ауыл ақсақалдары мен ардагер ұстаздар Мейірман Ермектасов есімінің қайта ұлықталғанына сүйінішін жеткізді. Жиналған көпшілік Қарасу орта мектебінің атауын Мейірман Ермектасов атындағы орта мектепке ауыстыру жөніндегі ұсынысын да тілге тиек етті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Ғылым&Білім

Қазіргі ғаламдық жаңартулар мен заманауи өзгерістер шеңберіндегі білім берудің мақсаты – әлемдік сапа деңгейіндегі жаңа инновациялық білім кеңістігін құру. Бұл үшін білімді ұрпақты қалыптастырып, тәрбиелейтін мамандардың кәсіби деңгейі жоғары болуы шарт. Болашақ мамандардың кәсіби өрлеуіне педагогикалық іс-тәжірибенің ықпалы зор екендігін айтқымыз келеді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Еліміздің жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие болып, білім мен ғылымның ірі орталығы һәм көшбасшысы саналатын Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – білімді де тәжірибелі, сапалы маман даярлауды жауапты іс ретінде қарайтын ғылым ордасы.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев. Бүгінде ғылым ордасы әлемдегі 200 ең үздік жоғары оқу орны тізімінде тұрған Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет. QS жаһандық рейтингі бойынша білім ордасы 165-ші орында. Ұлттық рейтингтерде де үнемі көш бастап келеді.

Бүгінде университетіміз ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері. Quacquarelli Symonds (*QS, Ұлыбритания*) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру бағдарламалары бойынша 401-450 дәрежеге енген. Университет құрамында 20 ғылыми-зерттеу институты, 16 факультеттің құрамындағы 98-ден аса кафедра және ғылыми-инновациялық технопарк жұмыс істейді. Сонымен қатар 2000-нан астам профессор, доктор, ғылым кандидаттары университетте білім беріп келеді. Ғылыми оқу ордасында 20 мыңдай еліміздің және шетелдің келген болашақ мамандар «бакалавр – магистр – PhD» түрінде үш сатылы деңгейде 180 мамандық бойынша білім алуда. 500-ден астам, оның ішінде, алыс және жақын шетелдердің

жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр.

ҚазҰУ-дің Ақпараттық технологиялар факультеті, информатика кафедрасының мамандар даярлауда атқаратын үлесі зор. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2018 жылдың 15 қаңтарында Ақпараттық технологиялар факультеті ашылды. Бұл саланы дамыту еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстан» жобасын жүзеге асыру аясында қолға алынған болатын. Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстанды цифрландыруға, ақпараттық технология саласында оқитын және жасанды интеллектімен, сонымен қатар «үлкен мәліметтермен» жұмыс істей алатын жастарды көбейтуге бағытталған. Қазақстанда базалық лейтмотивті ақпараттық технологияны өмірдің барлық салаларында қолдану және дамыту «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Ақпараттық технологиялар факультетінің негізгі мақсаты – ұлттық экономиканың IT-секторын динамикалық тұрғыда дамытып, әлемдік деңгейге жеткізетін жоғары білікті мамандар даярлау.

Қазіргі таңда біздің «Информатика» мамандығының білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсаты – ақпараттық-коммуникативтік технологиялары арқылы білім мазмұнын жаңарту және де ақпараттандырудың басты бір бағыты білім беру жүйесін ақпараттандыру болып табылады.

Информатика мамандығы бойынша мамандарды дайындау бағдарламасы келесі мамандандырулар бойынша іске асырылады:

- Қолданбалы жүйелік программалау;
- Жүйелерді және желілерді программалық қамтамасыздандыру;
- Компьютерлік графика және дизайн

5В060200 – информатика мамандығы бойынша университет бітірушілерге «Информатика бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі. Кафедраның түлектері банктерде, сақтандыру компанияларында, коммерциялық құрылымдарда, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, оқу орындарында (*оқытушы ретінде*) программист-өңдеушілер, инженерлер, деректер қоры және желі администраторы болып жұмыс істей алады.

5В060200 – информатика мамандығын бітірушілер өз оқуын осы мамандық (*немесе басқа жақын мамандықтар)* бойынша магистратурада (*оқу мерзімі 2 жыл*), одан соң PhD докторантурада (*оқу мерзімі 3 жыл*) жалғастыра алады.

Қазіргі заман талабына сай, адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Сондықтан да бұл саланың мамандарын даярлауда ҚазҰУ оқытушылары мен оқыту форматы заман талабына сай, жүйелі жұмыстарды ұйымдастыруымен ерекшеленеді.

Н.БЕЙІСОВ, *аға оқытушы – Ақпараттық технологиялар факультеті информатика кафедрасы,*
Перизат САТТАР, Құндыз ЕРСҰЛТАНОВА, Асқар ТҰРҒАНТАЙ, *«6М0602» информатика мамандығының 1-курс магистранттары*

Жаңа өндіріс

Алматы облысында құрылыс материалдарын өндіретін 5 жаңа кәсіпорын ашылады. Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, облыс әкімі Қанат Бозымбаев «ТК «Газоблок» компаниясы мен «Алмпласт» ЖШС басшыларымен кездесіп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА **5 ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ**

Облыс әкімі өз сөзінде елімізде құрылыс саласы қарқынды дамып келе жатқанын тілге тиек етті. «Бүгінгі таңда құрылыс секторы ел экономикасының негізгі драйвері болып табылады. Соның ішінде біздің облыста құрылыста жаңа серпін байқалады. Құрылыс материалдарын шығаруға инвестициялық белсенділік артып отыр. Бұл өз кезегінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпалын тигізетін болады. Бүгін Іле ауданы мен Талдықорған қаласында жаңа зауыттар салуды жоспарлап отырған екі инвестормен арнайы кездесіп отырмын», – деп атап өтті Қ.Бозымбаев.

Меморандум аясында құрылыс саласындағы 5 жаңа жоба қолға алынбақ. Мәселен, «ТК «Газоблок» компаниясы Іле ауданында 3 зауыт, Талдықорғанда 1 зауыт салуға ниетті. Бұл кәсіпорындар газоблоктар, цемент панельдердің талшықтарын, шыны мақталарын шығаруды көздейді. Жобалар жеті жылға жоспарланған. Шамамен 26 млрд теңге инвестиция тартылып, 240 жұмыс орны ашылады.

«ТК «Газоблок» компаниясының бас директоры Максим Ким жоба жайлы былай деді: «Біз шығаратын құрылыс материалдары негізінен сырт елдерден әкелінеді. Қысқаша айтқанда, импортқа тәуелді. Сондықтан біз ішкі нарықтың сұранысын отандық өнімдермен толықтыруды мақсат етіп отырмыз».

Ал «Алмпласт» ЖШС «Талдықорған» индустриалды аймағында диаметрі 20-1200 мм пластик құбырлар шығаратын өндіріс орнын ашады. Жоба 2022-2023 жылдары іске асырылады. Тартылатын инвестиция көлемі – 2,6 млрд теңге, 37 жұмыс орны құрылады. Жобаның жылдық қуаты – 16,8 мың тонна.

Бұл жобалар құрылыс индустриясының дамуына жаңа серпін беріп, ел нарығына отандық құрылыс материалдарын көптеп шығаруға үлес қоспақ.

Меморандумға Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев, «ТК «Газоблок» компаниясының бас директоры Максим Ким мен «Алмпласт» ЖШС директоры Сабырхан Қасымов қол қойды.

(***Өз тілшіміз***)

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Адамның күні адаммен...

Әлқисса

Небір көне дәуірдің куәгері Кәрі құрлықтың өкпе тұсында орналасып, алпауыт мемлекеттер болса да (*бір жағында Алмания, екінші жағында Ресей*) жалтақтамай, бүгежектемей, күн кешіп келе жатқан алақандай Польша тәкаппар басын имеген күйі талай тауқыметті бастан өткеріп, XXI ғасырға жетті. Адамзатқа Адам Мицкевич пен Фредерик Шопен сықылды ұлы тұлғаларды сыйлаған ел Альбион мен Адриат арасын жайлап, азаттық аясында өмір сүріп жатыр. Қаншама тағдыр теперішін көріп, тығырыққа тірелсе де, жан қаһармандығы мен сұлулығын жоғалтпай, асқақ рухын биік ұстап келеді.

Тарихқа қиянат жасамайық, Польша азаматтары қиырдағы қазақ даласында да өшпес із қалдырды. Бостандық пен азаттық сүйгіштігі үшін құдаланып, тұтқындалып жүрсе де, «бұратана» демей, айдалып келген еліне бауыр басып, суын сулап, отын оттады.

Суретші Бронислав Залесский (*1820-1860 жж.*) саяси тұтқын болса да, Маңғыстаудан Аралдағы Т.Шевченкоға көмекшілікке жіберіліп, кейін айдаудан босаған соң, 1865 жылы Парижде 22 суретімен альбом естеліктерін жарыққа шығарды. Есіл еңбектің баға жетпес құндылыққа айналғанын замандастары лайықты бағалады. Тағы бір «қылмыскер» ақын Густав Зелинский (*1809-1881 жж.*) «Дала» мен «Қазақ» поэмаларын жазып, көшпелілер өміріне құмартып, құлшына жырлады. 1848 жылы 12 маусымда Аягөзден тұтқындалып, Тобылда айдауда жүрген жерлесі Г.Зелинскийге жолдаған хатында: «Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі топтың ортасында қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры естімеген ділмарларға таң қалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да алмайтын ақындар менің алдында өнерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жылы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған мандайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым, Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес. Оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Сормандай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан жоғары касталары сықылды, өзіне зәу биіктен қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келеді», – деп қатты тебіреніп, нақақтан сотталып, жазасын өтеп жүрген төңкерісші (*революционер*) Адольф Янушкевич (*1809-1857 жж.*) бұлтақсыз жүрек сөзін айтады.

Тағы бір поляк паны ағылшынның көрнекті жазушысы болып қалыптасты. Судай сіңіп, тастай батқан Конрад Жозеф (*Юзеф Теодор Конрад* (*Қоңырат*) Коженевский (*1856-1924 жж.*) социалистік реализм бағытында еңбектеніп, Батыс пен Шығыс арасындағы тәжікені тәлкек етті. Бұның бәрін қайта-қайта қаузап алға тартып отырғанымыздың мәнісі – поляк оғландарының қандай жағдай болса да, қай елде жүрсе де, тез бейімделіп, халықтануды шебер меңгеріп алатынын көрсету еді.

Иә, біз қазақтар, мұндайда қайтер едік деген сауал жауапсыз кеңірдекте көлденең тұратыны айдан анық.

Тіпті 1920 жылы Варшавадан Қазақ Республикасының алғашқы астанасы Орынборға келген сазгер А.В.Затаевич аш-жалаңаш қазақтардың ішінде жүріп, асыл қазына ән-күйлерді жинап, алтын көмбенің үстінен түскенін қапысыз аңғарды. Бұл халықтың бай мұрасын жарыққа шығаруға С.Сейфуллин, І.Жансүгірұлы, Б.Майлин және басқа саясаткерлердің тайлы-таяғы қалмай шын кепілмен қолқабыс көрсетті.

Адамның күні адаммен деген осы. «Қазақтың 1000 әні» жарық көргеннен кейін Р.Роллан, М.Горький, тағы басқалар оның құндылығы туралы тамаша лебіздер білдірді.

...Ал Гийом Аполлинер жайында әңгіме өзгеше өрбиді. Бір ұлт әдебиетінің ірі өкілі болған соң, оны жұртшылық, оның ішінде мен де солай француз екен деп жүрдім бертінге дейін.

Жоқ, олай емес екен. Оның атасы Михаил Аполлинарий Костровицкий – поляк ақсүйегі, орыс әскерінің демалыстағы штаб-капитаны. Ұлт-азаттық көтерілісі күштеп басылғаннан кейін, 1863 жылы бас сауғалап Варшавадан Римге қашып келеді. Ол осында туып, Вильгельм Владимир Аполлинарий Костровицкий (*1880-1918 жж.*) есімін алып, Отанынан алыста ер жетеді.

Жаңа ғасыр басында Гийом Аполлинер лақап атымен әдебиет әулиеханасының есігінен еркін енеді. Асау дарынды ақын сыршыл лирикасымен бірге шікәмшіл қара сөзге де қалам тартып, аз уақытта оқырманның терең сүйіспеншілігіне бөленеді. Қанатты пырақпен жыр тауына шығып келе жатқан шайырдың мөлдір таза бастауы, ерлік пен өрлікке толы азаматтық дауысы, қатыгез өмірді қайғы-қасіретпен астарлап бейнелеуі еріксіз баурайды. Ол талмай көп ізденді. Мандайын тасқа да, тауға да соқты. Жан-жақты шалқар шабытты шығармашылығына сюрреализм, футуризм, акмеизм, кубизм, басқа да «измдердің» шалығы тиді. Солардың арасында адаспай, ол өзінің бекзат болмысы мен қасиетті қолтаңбасын сақтап қалды. Мехнатты мәдениет мектебінен өтті. Гийом Аполлинер бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысты, басынан қатты жараланды. Қолына қару алып, отаны Польшаны азат көргісі келді. Бұл тәлімнен үйренеріміз көп. Ол өмірін үш мүшелмен аяқтағанда артына қыруар рухани қазына қалдырды.

Бәрі уақыт таразысында...

Мұндай байланыстар, әрине, кездейсоқ емес. Үміт ешқашан үзілмейді.

...1968 жылдың тамызы. Күнгейде күн күйіп тұр. Қарғаның миы қайнайтын ыстық. Адам түгілі, құс екеш құс та көлеңке пана іздеп зым-зия. Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтында оқып, сағынышпен еліме келіп, Шымкентте демалып жатыр едім. Облыстық комсомол комитетінен қоңырау шалынды. Еңбектегі озат жастардың бір тобы Польша мен Германияға барады екен.

– *Ал-ло...*

– *Иә, өзіміз.*

– *Шетелге шығуға құлық бар ма? Батысқа...*

– *Ретіне қарай көрерміз...*

– *Онда дайындала беріңіз. Осы бір-екі күнде сапарға шығасыз.*

Сөйтіп табан астында саясаткер турист болып шыға келдім. Құйысқан көтерілді. Сыртынан сүйсінетін Польша елін көргім келіп жүретін. Нар тәуекел! Жолдар шақырды...

– *Мақұл.*

– *Онда бір-екі күнде дайын болыңыз!*

Мен Шығыс Еуропада болып, Солтүстік Пальмираның ақ түндерін көріп, Балтық пен Қара теңіз тентек толқындарына кеуде тосып, орыс ормандарын аз аралаған жоқ едім. Л.Толстойдың Ясная Поляна, И.Тургеневтің Спасско-Лутовиново, А.Блоктың Шахматов, С.Есениннің Константиново және Алтын Орда қағанатына бағынышты біраз оты өшпеген жерлерде болып, тарих тамырына қан жүгірді талай. Бірақ Батысқа жол түспеп еді.

Біз сол жолы Варшавада бір аптадай аялдап, Орталық костел қабырғасына жерленген Ф.Шопен жүрегін сыртынан сипап, тәу етіп, гүлзарлардың хош иісін жұтып, Висладағы перизаттардың (*пері қыздар*) мүсін-ескерткіштеріне сүйсініп жүргеніміз жанда жаңғырып жатыр. Балтық теңізінде шомылып, енді Доцызсаға (*свиноуйсьце*) қаласы жеткенде КСРО танктері бүлікшіл Прагаға басып-жаншып кірді деген суыт хабар келіп, халықаралық қарым-қатынастар ушығып тұрмай, біз қайтатын болыппыз. Чехословак жастары жылап-сықтап, түнімен ұйықтамай, от жағып шықты. Алманияға бара алмай, жарты жолдан сапарымыз тұйықталды.

Сүйінші жеңіске аз күн қалғанда Гданскіні неміс басқыншыларынан азат етуде жазатайым мина жарықшағынан қаза болған қазақ генералы Сабыр Рақымовтың көз жұмған жерін көру де бұйырмады сол жолы. Арман-ай!.. Күндер керуені енді қай көкжиекке қарай бет алады?...

Аян-Сейітхан НЫСАНАЛИН

А.Затаевич қазақ композиторларының арасында



Көлеңке

(әңгіме)

Гийом АПОЛЛИНЕР

Бұл ұлы сәскеден біршама бұрын болып еді. Тура алдымнан көлеңке кезікті. Бірақ қайран қалғанымa қарамай, ол ешкімнің сұлбасынан бөлінбей, өз бетімен жапа-жалғыз кетіп бара жатты.

Жерге көлбей жайылып, ілгері сырғи берді. Табанжолға жетіп, лезде екіге жарылып, қабырғаны жанай өтіп, бірден өн бойын тіктеп алды. Бейнебір, әлдекіммен ерегіскендей, бәлкім, күнге шығар. Өйткені, ол ештеңеден қағажу көрген жоқ. Мен көлеңке соңынан ілестім. Ол табан астында мүлде қаңырап қалған көшеге бұрылды. Маған ол ешбір ойсыз, қыңырайып бет түзей салғандай болып көрінді.

Алайда ол көлеңкені, нақтырағы, оның сұлбасын майын тамызып жазатын кез жеткен жоқ па?

Қандай болғанда да, кез келген көлеңке өз нобайын ұдайы өзгертіп тұратыны мәлім. Кейде тіпті қылдырықтай болып арықтап, тым сөлекет сорайып, енді бірде, керісінше, домаланып, кеспелтекке ұқсап қалады. Мен айтып отырған көлеңке де бір ығыты келгенде өзінің бойын сыптай түзеп, жас жігіттің кескінін көз алдына әкеледі. Базбірде түбіт мұртының ұшы көрініп, сүйкімді ұсқыны жылы ұшырайды.

Біз бұрылған көше аяғында қыз көрінді. Ол бізге қарсы келе жатты, қатарласа бергенде көлеңке сүйіп алғысы келгендей оның қойнына сүңгіп кеті. Бойжеткен дір ете қалып, шұғыл жалт бұрылды, алайда көлеңке одан ұзамай кедір-бұдыр өткелектен зымырап өте шықты. Соғыста ет бауыры құрбан болған жандай қыз да әрең-әрең шыңғырып жібере жаздап, мұңлы момақан пішінмен жүзінде күйініш пен сүйініш нұры алма-кезек ойнағандай болып көрінді маған. Одан соң дидарын мұң шалып, жанарымен баяу қозғалған көгілдір көлеңкені міз бақпай бақылады.

– Сонымен оны білесің бе? – деп сұрадым қыздан. – Сіз де анау жалғыз көгілдір көлеңкені білетін болдыңыз ғой.

– Сіз де оны көрдіңіз бе? – деп қыз шыңғырып жіберіп, шоршып түсті. – Мен сияқты Сіз де оны көрдіңіз. Иә, иә, біз екеуміз де анау елге бір адам кейпіндегі қыбырлаған бейнені көріп тұрмыз. Мен оны білетін сияқтымын. Жоқ-ә, солай сияқты емес, расында да, мен оны жазбай таныдым! Оны бір қырынан шырамытып, мұртын көрдім, тек көзқарасын аңғара алмадым... Көзіме оттай басылды. Соңғы рет мұнда демалысқа келгелі бері түк өзгермепті. Біз уағдаласып, тағы бірде үйіне келгенде үйленбекші болғамыз. Бірақ снаряд жарықшағы оның жүрегін жаралады. Олар оны өлтірді, бәрібір Сіз оны көріп тұрсыз ғой, көлеңкенің де жаны бар. Ол кәдімгідей қастерлі тұлға...

Қыз кетіп қалды. Оның көзінде уыздай, ыстық махаббаттың ұшқыны бар еді. Онымен қоштасып, көлеңке соңынан ұмтылдым. Өткелек үстінде сұлба сырғып, кедір-бұдырға қарамай, сорайып алыстай бастады. Қайтадан оны шіркеу қасынан көрдім, одан соң бас даңғылда ұшырасты. Өткен-кеткендер жанына жанап бара жатып өзгере беретін көгілдір нобайға назар салатын емес.

Көлеңке көшелерді кезіп жүр. Ол дүкендер жарнамасының алдында тоқтайды. Шын мәнінде, бұл таныс орындарды аралап, серуендеу оған орасан әсер ететіні көрініп тұр. Базбірде ол басқа өткен-кеткен адамдардың көлеңкесімен араласып жоқ болады, құдды бір оларды өзімсінгендей иінтіресіп кетеді.

Соңынан ілесіп барған қала саябағында ол сол кезде гүлдеп тұрған раушан шоғырына жақын жүруге тырысады. Хош иісті құмарта иіскейтіндей және бәрі солығын баса алмай үлбіреп тұрғандай.

Мен байғұс көлеңкенің қалай тыпырлап күй кешкенін тебірене бақылап тұрдым. Қалайда оны жұбатып, алғашқы христиандай бауырым басып құшақтап сүйгім келді. Оның сыры мен үшін құпия болып қалған жоқ, тек қана оның құр сүлдерін өз көлеңкеңмен біріктіріп бірлестіру керек еді.

Мен оған ебедейсіз еңкейіп, сол сәтте бойымды жиып алдым. Абайсызда басып кетіп, бір жерін ауыртып алам ба деп қорықтым. Оның жалғыздығы мүсіркеуімді туғызды. Әйтсе де, оқыстан әлдебір түсініксіз түйсік туып, кетіп қалдым. Көлеңке өзінің онсыз да бақытты екенін сездіргендей. Моншақтаған көз жасы – қуаныштың көз жасы, өйткені оған мәңгілік дарығандай еді: ғайып болған дүниені өткеріп, оның марқұмға қымбат һәм жақындарының бәріне қатысы барлығын аңғартқандай. Бақытты да сонау сан мәрте сайрандаған жерлерді аралап көруге сайғандай.

Иә, оқиға солай болып еді. Кеудемді бір түрлі бұйығы қуаныш толқыны кернеді. Енді күлімсіреп, көлеңке гүлдер мен жайқалған жапырақтар арасында қалай сайран салып жүргенін бақыладым.

Онан соң оның қала саябағынан кетіп бара жатқанын көріп, соңынан ілестім, ол мені зираттағы бұрын әлдекім жерленуге тиісті, алайда оның денесі жер қойнына қойылмаған орынға әкелді.

Одан соң ол қызыл іңір түсіп келе жатқан қалаға оралып, бізді түн қараңғылығы құшағына алды.

Бара-бара көлеңке көрінбеуге айналды, ақырында қоюлана бастаған қараңғылықта одан көз жазып қалдым. Дегенмен мұндайда ажалдың әлсіз екенін, оның бақи болғандардың арамызда болуына, сірә, бөгет бола алмайтынын түсіндім. Өлгендер ұшты-күйлі, із-түзсіз кетпейді. Анау қалашықтың көшелерін кезіп жүрген жалғыз, өмір-бақи өлмейтін көлеңке зердемізде сақталып, о дүниеге кеткендерден де бейнесі шынайы бізді тастамайтын көкшіл елес ешқашан өшпейді.

Аударған Аян НЫСАНАЛИН

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

ДАРАБОЗ

Кешір бізді, қазақ футболы

тірі жанның жаны сірі салаға ашқан сыры

Амангелдінің өмірден өткеніне бір жылдай болып қалды. Арамызда жоқ дегенге бір түрлі сенгің келмейді. Көк сандықтың алдында тапжылмай отырып, дүбірлі додадан жасайтын репортажын асыға күтетін қалың көрермен сүйікті спорт комментаторын сағынып жүр. Ойлы оқырман парасатты публицистің мәнін де, маңызын да ешқашан жоғалтпайтын очерктерін сарғая бастаған газет беттерінен іздейді. Жуырда Амангелді Сейітханның әр жылдары жазған дүниелері мен айтқан ой-пікірін жинақтаған «Жеңісті күндерде жүздесейік» атты кітабы жарық көрді. Талғамы биік туынды оның шығармашылығының жаңа қырын паш етеді. Ол ұлттық баспасөздің өркендеуіне де зор үлес қосты. Оған Jas qazaq газетінде жарияланған мақалалары дәлел. Қазақ журналистикасы тарихына есімі алтын әріппен жазылған қайраткерді зор құрметпен еске алып, оның газетімізде жарияланған мақаласын оқырманға қайта ұсынуды жөн көрдік.

Оны біз де білеміз. Сырдың тірілерге ғана ашылатындығын. Сосын... хат айдалаға жазылмайды. Бірақ... ақтарар ойымызды оқитын, оқып қана қоймай көңілге тоқитындар табыла салмасын сезіп, өзінді нысанаға алып отырмыз, қазақ футболы. Біреулер ондай ұғым мүлде жоқ деп біледі. Ол өтірік, бар екенің мәлім. Кезінде Мұхтар Әуезов бір топ баланы қасына ертіп, былғары допты қолтығына қысып, өзіне жүгінді. Ғабит Мүсірепов те білетін. Сейдахмет Бердіқұлға еріп Тұманбай Молдағалиев те сені іздеді, қазақ футболы. Қазір тұралап қалдың. Обалың кімге деп атып тұрып едік. Жартастан жаңғырық, Жақсыбековтен жауап жетпеді. Безгендей болып, Бернд Шторк кетті. Оның өзін құрметтеп шығарып салдық. Үстіне шапан жауып дегендей. Ат та мінген шығар. Ол туралы дерек жоқ. Тап бір өзінді өрге сүйрегендей сүйсініп, алман аттандырдық.

Әді-ағаңа өкпе аз. Тұтас министрлік тірлігі оңай дейсіз бе. Уақыты тығыз, тіпті табылмайды, мүлде қат деуге де болады. Ал ұлт футболы, сіздегі шаруа шаш-етектен...

Қазақ футболы, күрес аталатын спорт түрі бар екені өзіне мәлім. Қап тауын мекен еткен елдің ұлдары сол салаға бапандай. Екі-үш жыл бұрын Гуанжоуда кезекті әлем біріншілігі өтті. Тілшілік несібе, баруға, көруге мүмкіндік туды. Дәулет аға Тұрлыханов ертіп алған. Сонда бір қызыққа тап болдық. Үлкен үстел басында бірнеше елдің балуандары отыр екен. Шай ішіп, шүйіркелесіп. Кәдімгі қарсыластар. Бірі Грузиядан, екіншісі Даниядан. Қазақ елі мен Өзбекстаннан, тіпті Греция мен Австралия да бар ғой деймін. Көбі ресейліктер. Тап басып танимыз дейтін дәйекті сөзге дәлел дайын. Бәрінің ұлттық құрама ұсынған спорт киімімен отыруы. Жоталарындағы жазудан біліп алдық, кімнің қай елге тиесілі екендігін. Қызығын енді айтайық. Әлгі жігіттердің барлығы да бір ауылдан екен. Дағыстандағы қарапайым ауылдан. Жақсы күресетін болған соң, әлгі елдер жалдап алған ғой. Сыпайы айтқанда шақырған. Келеді, мемлекет атынан сынға түседі, бірдеңелерін алатын шығар, сосын қайтады. Ауылдарына, туған жеріне. Қап тауында қаулап өскен таланттар. Таяп барып, хал сұрастық. Бапкерлерін көрдік. Соларды сөзге тарттық.

– Бұл өзі намыстың шаруасы, – деді өзгелері құрақ ұшқан жігіт ағасы, – біздің Дағыстанда байлық бар шығар. Бірақ әлемнің алпауыттарымен қатар отыруға ол мүмкіндік бермейді. Биіміз бен әніміз де ары кетсе Ресейді шарлайды. Ал бәйгеден келетін бір саланың болғаны дұрыс қой. Бабалар байламға келіпті. «Тай-тұяғымен балуандыққа ұмтылатын ел аз. Ендеше ерлерді өсіріп шығару тиімді. Әкеден ұл туса, күреспен шұғылдансын. Бала бес жасқа толған күні ұстаз алдына апарылсын, бұл бекіген салт, бұлжымас дәстүр. Ендігі жерде күрес десе Дағыстан, Дағыстан десе күрес елестеуі тиіс». Бабалар мәмілесін біздер қолдаймыз. Бізге дейін де, бізден кейін де осы ұстаным өмір кешеді.

Егер ертең кілем үстінде кіл дағыстандықтар жүрсе, таң қалмайсыздар. Бұл күрес қанымызға сіңіп кетті. Жақын арада ешкімге дес бере қоймаспыз. Әке біткен ұлы беске толғанда күрес залын бетке алады. Боркемік ұлы болу – бақытсыздық. Ал жұрттың бәрі бақытқа ұмтылады.

Таң қалдық. Міне, идеология. Міне, тапқырлық. Тақымы мықты ұл өсіруге ұмтылған қазақ шалдарының институты жабылғанын енді біліп жүрміз. Сөзге тоқтайтын, сөзде кие барын білетіндігіміз ше. Жамбасты меңгермесе, өмірде мертігетінін меңзейтін саясатымыз... осының бәрін ұмыттық қазір, қазақ футболы.

Түсінеміз. Оның бізге не қатысы бар дейсіз. Әрине, қатысы жоқ. Бірақ сені биікке шығару үшін ақылды шалдардың шешімі қажет секілді. Ел болып іздесек, шыңға бастайтын жол табылады ғой. Өткенде біреу біздің елде футболыңды бүге-шігесіне дейін білетін бірде-бір адам жоқ деп салыпты. Ол мүмкін бе, мүмкін емес қой. Өзгелер түгілі біздер де білетін едік. Бернд Шторктың неден мүлт кеткенін, Пайперс те тани алмады, қателіктің түп-тамырын. Егер шетелден алдырдық бар ғой, келесі бапкер де білмей кетеді, өзіне не керектігін, қазақ футболы. Біздің елге ұлттық футболды өрістетуге құлшынғандар ғана келуі тиіс. Оны қайдан байқаймыз деушілерге. Абайды оқитын, Құрманғазыны тыңдайтын, тым болмағанда домбыраны қолына ұстап көріп, Дина апаның үйіне келген орыс солдаты сияқты ішегіне қол салып көруге құмар бапкер келуі тиіс. Ет жейтін, бешбармақ демейтін, қымыз ішетін маман қажет. Қарқылдап күлесіз, қазақ футболы. Не, өтірік пе. Анау Пайперс, мынау Шторк біздің ұлтты тани алмай кетті. Таныта алмаған тағы да өзіміз. Шұрайлы тіл бар екенін білмей кетті. Ұлттық футбол тірегін тап баса алмады. «Азия ойыншыларының аяғы мықты, шетінен жылдам, тепкен добы зеңбіректің оғындай заулайды»,– деп келетін қағида-анықтаманы ұқпады. Іріктеу жұмыстарынсыз іс алға баспайды. Ал өзінді шыңыраудан шыңға шығару үшін, қазақ футболы, шетсіз-шексіз шаруа күтіп тұрғанын да солар сезе алмады. Әйтпесе, Арносы да, Берні де дала аралап кетер еді. Сай тасындай іріктелгендерге иек артып, небір теке-тірестерден сытылып шығар еді. Олай болмады.

Райымбек ауданында Қақпақ аталған елді мекен бар. Ережесіз жекпе-жекте атой салған ағайынды Назаровтар сонда туды. Ақсақалдары айтады, «Қақпақта дүниеге келгендердің қара күші көп болады, ақылмен жұмсаса, кез келген жекпе-жекте жеңіске жетуге бейім». Қақпақ барып, ойыншы қараған біреу бар ма. Жоқ. Сыр елінде қара сирақ балалар қаптап жүр. Жүгірсе, ентікпейді, желдің алдын орап кетуге кет әрі еместері де бар. Соларға кім доп беріп, ебін байқапты. Оралың бар, орманың бар дегендей. Егер ұлттық академия ашылып, сол орталық аясында сұрыптау мектебі жұмыс істесе, жиырма жылда қарғып тұрасың, қазақ футболы.

Ақыл айту, кеңес беру түкке тұрмаса да, өзінді басқару оңай емес. Ол үшін түн ұйқыны төрт бөліп, жұмыс істеуге тура келеді. Кәтепті қара нар тәріздес азаматтар ғана тығырықтан алып шыға алады. Шаруаны шыр айналдырар атан жіліктей жігіттер де баршылық. Бірақ бәрінің өз ісі бар, мынасы бар, жұмысы бар... Бірі билікте, бірі өзге тірлікте. Қысқасы, қолдары тимейді. Сондықтан әзірше екпеттеп жата тұруыңа тура келеді. Кешір бізді, қазақ футболы.

Амангелді СЕЙІТХАНОВ
(*«Жас қазақ», 2010 жыл, 5 қараша*)

5 МАУСЫМ ИЮНЯ JUNE 2022
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

2022 жылғы 5 маусымда Президенттің Жарлығымен тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумға қатысу құқығына он сегіз жасқа толған Республика азаматтары ие.

Референдум азаматтардың өз ықтиярымен қатысу, еркін ашық білдіру, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру принциптері бойынша өткізіледі.

Референдумға «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал шығарылып отыр.

Сіздің таңдауыңыз маңызды!

* * *

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ

УВАЖАЕМЫЕ КАЗАХСТАНЦЫ!

5 июня 2022 года состоится Республиканский референдум по вопросу внесения изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан, назначенный Указом Президента.

Правом на участие в референдуме обладают граждане Республики, достигшие восемнадцатилетнего возраста.

Референдум проводится на принципах добровольного участия, свободного волеизъявления, а также всеобщего, равного, прямого и тайного голосования граждан.

На референдум вынесен вопрос: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?».

Ваш выбор важен!

* * *

ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Бас редактор – директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – *экономика, нарық*
Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*
Ернұр КЕНЖЕБАЙ – *шолушы*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ– Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ – Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс – №1077;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Караван», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.